

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Серен Кьеркегор (1813–1855)

4-тарау. Қазіргі философия



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 14. Серен Кьеркегор (1813–1855)

## Үрей ұғымы (1844)

Философия тарихында Кьеркегор ілімінің маңызды орын алатынын өзінің «Әдіс мәселесі» шығармасында Сартр нанымды көрсетеді. Әрине, бұл Кьеркегор философиясындағы өзектілігі жағынан «бірінші» мәселе емес, өйткені ол өзінің теориясын, ең алдымен, Гегель философиясын теріске шығару арқылы құрды. Белгілі бір мағынада, философия тарихындағы Кьеркегордың орны гегельдік жүйенің маңыздылығымен анықталады деп айтсақ та болады. Дегенмен Кьеркегор ойлары қазіргі кезеңде де аса өзекті, өйткені ол Гегель назар аудармаған адамның нақты өмір сүру мәселелеріне зор маңыз беріп, неміс философынан ілгері кеткен болатын. «Үрей ұғымы» еңбегіне кіріспесінде Кьеркегор: «Шлейермахердің айтуынша, Гегельдің тамаша қабілеті мен ғұлама ғалымдығын айтпағанның өзінде, ол барлық жетістіктері арқылы кең масштабтағы философия профессоры деген неміс ұғымындағы мағынасына лайық екенін үнемі қайтара еске салып отырады».

Жеке өмірлік тәжірибе марксизммен қатар, Гегель жүйесінде де қалыс қалған. Ал Кьеркегор болса, оны қырағы байқап, екі ілім түрен салмаған тың тақырыпты өз философиясына арқау етеді. Ол адамның күнделікті тіршілік қамы туралы ой толғаған алғашқы философ болды. Сондықтан оның философиялық мұрасы мұқият назар аударуға лайық. Сартрдың экзистенциализмі мен кейбір өзге де теорияларды белгілі бір дәрежеде Кьеркегор ілімінің жалғасы ретінде қарастыруымызға болады. Бұл ілімнің қалай жарыққа шыққанын түсіну үшін философтың өмір тарихымен танысып алуымыз қажет.

Кьеркегордың әкесі жүннен тоқылған бұйымдар сатумен айналысып, аз уақыт ішінде қалталы адамға айналған. 1797 жылы қырық жасқа толғанда, әкесі сауданы тоқтатады. Жастайынан әдебиетке, философия мен дінге терең қызығушылығы бар, жұмыстан босаған саудагер, білімге сусындау мақсатында Копенгагеннің мойындалған интеллектуалдарына үйінің есігін айқара ашқан. 1813 жылы дүниеге келген Серен оның ең кенжесі – жетінші перзенті болған. Алайда 1819–1834 жылдар аралығында Кьеркегордың екі ағасы, үш әпкесі және анасы дүниеден өтеді. Тірі қалған екі ұл – Петер мен Серенге әкелері заманға сай классикалық білім береді. Балалар көне грек және латын тілдерін меңгереді. Әкесі ұлдарының дін қызметшісі болғанын қалап, оларды Копенгагеннің ең жақсы мектебіне оқуға жібереді. Әкелері дүниеден өткеннен кейін ағайынды бауырлар қалған мұраны екеуара бөліседі. Петер пастор болады, 1856 жылы тіпті епископ дәрежесіне дейін көтеріледі. Ал Серен, барлық емтихандарды ойдағыдай тапсырғанына қарамастан, дін қызметшісі болғысы келмейді. Ол өзінің өмірін толығымен шығармашылық еңбекке арнауға бел буады да, әкесінен қалған мұраға өмір сүреді.

## Экзистенциалды мәселеге көзқарас

Сереннің көзқарасы бойынша әкесі өмір бойы Құдай мен адамдардың алдында таза, әрі мінсіз өткен. Күндердің күнінде Серен әкесінің ертеректе ауыр қылмыс жасағанын біледі. Кьеркегор әкесінің құпиясын қайдан және қалай білгенін еш жерде айтпайды. Алайда бірінші әйелі дүниеден кеткеннен кейін, әкесі үйіндегі қызметші әйелге үйленіп, одан бала сүйгені бізге белгілі. Бұл жерде ашылмаған бір сыр бар, ол зорлық болуы да мүмкін. Кьеркегор ешқашан өзінің анасы туралы ашып айтқан емес. Әкесінің жан күйзелісінің себебін білгеннен кейін Кьеркегор қатты қиналып, 1836 жылы әкесімен қатынасын үзіп, рухани мансаптан бас тартып, екі жыл бойы Копенгаген салондарында серілік құрған. Ол әкесінің жасаған күнәсі туралы мазасыз ойлardan сол күйі құтыла алмайды. Жас жігіт өзінің ұстазы әрі досы Поул Мартин Мёллер қайтыс болғаннан кейін ғана «ақылға келеді». Кьеркегор оқуын қайта жалғастырып, әкесімен татуласады. Алайда көп ұзамай әкесі қайтыс болады. Әкесінің өлімі қатты әсер еткен Кьеркегор қалған өмірін шығармашылық жолына арнайды.

«Әкем өлді. Өлсе де, менің бойымда ол тірі. Бәлкім, әлі де түзу адам болуыма мүмкіндік беру үшін, маған бола өлді», – дейді.

1841 жылы Кьеркегор «Сократқа үнемі жалтақтауды мысқылдау ұғымы туралы» тақырыбында философиядан магистрлік диссертациясын қорғайды. Бұл шығарма сол кезде сәнге



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 3. Неміс философиясы  
Дәріс: 14. Серен Кьеркегор (1813–1855)

айналған гегельдік жүйеге қарама-қарсы, философтың субъективті көзқарасқа құқығын қорғайтын экзистенциалдық философияның негізін қалады.

## Сәтсіз атастыру

1837 жылы Кьеркегор Регина Ольсенмен танысып, оған ессіз ғашық болады. Бойжеткен де оған ыстық ықылас танытады... Алайда Серен шынайы отбасылық өмірде құпияға орын жоқ деген ойына сенімді бола тұра, қалыңдығына өзінің ішкі бүкпе сырларын (әкесі туралы, өзінің уайымшыл екені, бұрынғы шым-шытырық өмірі жайлы) айтуға батылы жетпейді. 1840 жылы Регинаның бас құрауға жанын сала кіріскеніне қарамастан, Кьеркегор жүрегі қанжылай отырып, арадағы атастырудан бас тартады. Өзін ұмыттыру мақсатында Берлинге кетеді, онда Шеллингтің философия курсы тыңдайды, алайда классиктің көзқарастары көңілінен шықпайды. Регина басқа жанға тұрмысқа шығады, ал Кьеркегор болса, бұл ғажап бойжеткен әрқашан тек өзімен ғана рухани байланысты сезеді деп үміттенген болатын. Көп жайтқа көзі ашылған философ жұмысқа жан-тәнімен ден қояды. 1843–1845 жылдар аралығында әртүрлі лақап атпен адамзат тіршілігінің алуан түрлі мүмкіндіктерін қарастырған бірнеше көлемді еңбек жазады. Дәл осы еңбектерінде Кьеркегор өзінің философиялық теорияларының негізін қалайды.

## «Корсармен» қақтығыс

Осы кезде Кьеркегор мен «Корсар» газеті арасында жайсыз жағдай туындайды. Ресми биліктің пікірінше, бұл дәрекі басылым жұртшылықтың ниетін бұзып, «өз ісіне адал берілген, мемлекетке қызмет етуші құрметті және бейбіт адамдарды» мұқатып жатыр. Бір күні газет Кьеркегорды кездейсоқ мақтап жазып жібереді, ал ол болса жұрт өзін осы барлық лас, алып-қашпа әңгіменің авторы санап жүрер деп үрейленеді. Содан соң философ «Корсарды» өзін масқаралады деп арандатады. Жауабы көп күттірмейді: артынша «Корсар» «Мёллер» деген лақап атпен мақала жариялайды. Мақалада Кьеркегордың «диалектикалық» атастырылуы әбден келемеж болады, «Кінәлі – Кінәсіз?» атты жұмысында өзінің Регинамен қарым-қатынасын көпшіліктің талқысына салған және жеке өмірін «мәйіттерді боршалайтын сарай» деп атап, ал өзін – «өлген адам» санатына қосқан оны әркімнің өзіне ғана мәлім талғамын келеке етті деп жазғырады.

Кьеркегор мұндай бассыздыққа шыдай алмай, іле-шала жауап қайтарады. Нәтижесінде философтың өмірі адам төзгісіз күйге түседі. Енді ол көшеде бұрынғыдай емін-еркін серуендей алмайтын халге жетеді, өйткені адамдар ашықтан-ашық мазақ қыла бастаған еді. Кьеркегор тағы да Берлиннен пана іздейді. Туған мекеніне қайта оралған соң, Копенгагендегі өмір ырғағына үйренісе алмайды. Ол өзі үшін «бұқара» саналған адамдарда бастапқы айуандық мінез-құлық мол деген ойға күн өткен сайын беки түседі. Ол өзінің азапты өмірін жасаған күнәларының жазасы деп біледі. Осыдан кейін Кьеркегор дін мәселелері туралы ойлана бастайды. Ол үшін бұл христиандыққа, тәубеге келуге итермелейтін түрткі болды десе де болады. Кез келген адам жасаған күнәсін жуып-шайып, Құдайдың алдында тәубеге келу мақсатында оған бас иеді.

Шіркеу философтың шығармаларын елемейді. Тіпті әкесінің досы, Кьеркегор жұмыстарын құрметтейтін копенгагендік епископ Минстердің өзі оны қабылдаудан бас тартады. Қарымын қайтару үшін Кьеркегор епископты өзінің сын нысанасына айналдырады. Минстердің өлімінен кейін Кьеркегор «Мезет» журналының бірнеше нөмірінде азаптауды дүниелік мәртебе санайтын және өзінің христиандық идеалдан тым алшақтап кеткенін сезбейтін шіркеуге қарсы мақалалар легін жариялайды. «Бұл нөмірлерде христиан мен христиандықтың арасындағы алшақтық, атеистік сынның кейбір амалдарын пайдаланудың арқасында, лютерандық шіркеудің беделі мен оның діни қызметшілерінің тежеусіз билігін өте өткір тілмен әшкерелейді: зайырлы өмірге тікелей қатысы жоқ христиандықты қамқор да қиянатсыз деп ойлаудың өзі дін қызметшілерінің ең пасық өтірігі делінеді» (О. Коли).



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 14. Серен Кьеркегор (1813–1855)

Кьеркегор 1855 жылы 1 қараша күні «Мезет» журналының оныншы нөмірін дайындау кезінде дүниеден өтті. Журналдың соңғы нөмірі сол күйі жарыққа шықпай қалды.

## Түйін

«Үрей ұғымы» атты кітабы трактат формасында баяндалған. Бұл кітапта адамдардың күнә жасау мүмкіндіктерінің психологиялық алғышарттары зерттеледі. Күнәға қатысты мәселелерді Кьеркегор бұрын өзінің «Философиялық фрагменттер» еңбегінде қозғаған болатын. Барлық ғылыми мәселелер қандай да бір нақты саланың шеңберінде қарастырылуы керек. Күнәні қай ғылым зерттейді? Әйтеуір «имманенттілікті немесе грек терминдері бойынша еске алуды мән санайтын» классикалық философия емес екені анық. Сондықтан Кьеркегор мәні «трансценденттік немесе қайталау» болып шығатын «екінші философияға» жүгінеді. Шындығында, «күнә мәні жағынан ешқандай ғылымға тиесілі емес». Догматика адамның күнәні қалай бастан өткеретінін зерттемей, жәй ғана күнә ұғымын алға тартады. Адамға белгілі міндеттерді жүктей отырып, этика ғана бастан өткергенді ескереді. Догматика күнә идеясын айқындайды, ал психология оның нақты іске асуын зерттейді. Басқаша айтар болсақ, психология күнәнің мүмкіндіктерімен емес, оның нақты болмысымен айналысады:

«Егер күнәнің бар екені анықталса, сол жерде этика пайда болып, оның әр басқан ізін аңдып отырады. Этика күнәнің өмірге күнә ретінде келгенін біледі, ал күнәнің қалай пайда болғаны оны қызықтырмайды. Бұдан өзге оның айналыспайтын тағы бір мәселесі – күнә мүмкіндіктерінің жасырын эволюциясы».

«Ендеше, күнә ұғымы мәні жағынан ешқандай ғылымға тиесілі емес, тек екінші этика ғана оның тууын болмаса да, көрініс табуын қарастырады. Қандай да бір ғылым оны зерттей бастаса, бұл ұғым бұрмаланған боп шығады».

## I. Үрей тұңғыш күнәнің алғышарты ретінде

Кез келген индивид – адамзаттың бір бөлшегі. Олардың арасында көзге көрінбейтін жіпсіз байланыс бар: «Өзіңше іштей кемелдену – біртұтастыққа етене кірігу. Ешқандай индивид тектің тарихына немқұрайлы қарай алмайды, дәл сол секілді, тек те ешбір индивидтің тағдырын айналып өте алмайды».

Бұл пайымдау адамзаттың алғашқы өкілі Адам атаға қатысты да толығымен әділетті: «Ол бір мезетте өзіне-өзі азап тартқызушы болып есептеледі. Демек, Адам атаның болмысы айшықтала түскенде, азаптаушының да мәні анықталады және керісінше». Адам ата күнәсінің кез келген қарапайым пенденің алғашқы күнәсінен айырмашылығы жоқ.

«Тұңғыш күнә арқылы жер бетіне күнәһарлық тарады. Кейінгі адамдардың жасаған тұңғыш күнәсі арқылы жер бетіне күнәһарлық тарады деп айта алмаймыз, алайда, ол да дәл сол жолмен дүниеге келеді... күнәһарлық күнә арқылы келгендіктен ғана жер бетіне орнығып қалады». Тұңғыш күнәнің алдында күнәсіздік тұр. «Күнәсіздік – тікелей қатысы болатын әлдебір нәрсе емес, алып тастай салатын бір нәрсенің анықтамасы да емес, бұл жерде анықтама дегеніміздің өзі мәні жағынан анық емес, дегенмен ол алып тасталмастан бұрын алғашқысында қандай болды, сондай күйге айналады, яғни алып тасталады». Адамзат баласы күн өткен сайын күнәні көбейте береді. Экзистенциалды көзқарас бойынша, «күнәсіздік үнемі индивидтің жасаған батыл әрекетінен соң жойылады», яғни ол өзінің алғашқы күнәсін жасаған сәтте-ақ өзінің күнәсіздігін жоғалтады. Кьеркегордың ойынша, тұңғыш күнәні күнәһарлану ұғымымен түсіндіруге болмайды. Ол енді күнәсіздікпен ілесе жүретін үрей туралы пайымға көшеді.

Үрей – «сүйе тұрып жирену, жирене тұрып сүйу», адамның бойын билейтін бұл сезім мүлде беймәлім қабілетке ие қандай да бір күштің бар екенін сезген жағдайда пайда болады.

«Мұндай үрей балаға тән, ол өзі қорқып тұрса да, оны өзінің тәтті қиялымен астастырып, одан айрылғысы келмейді. Рухтың қиялы секілді балалығы сақталған барлық халықта бұл үрей бар; ол тереңдеген сайын, халық та терең бола түседі». Адам тек жаратылған өз болмысымен



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 14. Серен Кьеркегор (1813–1855)

– рух делінетін жан мен тәннің синтезімен ғана еркін бола алады, ал бұл – нағыз оның «мені» – ақиқаты осы: «Адам – жан мен тәннің синтезі. Алайда екеуі бір-бірімен үшінші бір нәрсе арқылы бірікпесе, онда мұндай синтез мүмкін емес. Үшінші нәрсе – рух».

Үрей, сонымен бірге, пәктік пен білместіктің нәтижесі. Демек, үрей – алғашқы күнәнің алғышарты және оның пайда болуын қарсы ұғымды қолдана отырып түсіндіретін құрал: «Үрей – қажеттіліктің көрінісі емес, алайда ол еркіндіктің де баяны саналмайды, ол – өз ішінде бостандықтан ада, бірақ қажеттілікте емес, өз ішінде шырмалған, маталған еркіндік... Егер күнә дүниеге қажеттіліктен келіп туса, демек, ешқандай үрей де болмайды. Егер күнә абстрактілі еркін ерік арқылы келсе... үрей тағы да жоқ. Күнәнің жер бетінде пайда болуын логикалық тұрғыдан түсіндіруге тырысу – ақымақтық».

Объективті де, субъективті де көзқарастар бойынша адамзат арасында үрей сан жағынан қарқынды өсе береді, өйткені әр адам өзін де, сол арқылы бүкіл адамзатты да мейлінше күнәға батыруға бейім тұрады.

## II. Тұңғыш күнәнің үдеуінде қарастырылатын үрей

«Үрей дегеніміз – рух синтез жасауға талпынып, ал еркіндік төменге – өз мүмкіндіктеріне көз салған, құлап кетпеу үшін барынша қарманған кездегі еркіндіктен басының айналуы. Ақыры сол бас айнарудан еркіндік күйрейді».

Шын мәнінде, басы айналған тұрлаусыз еркіндік «Менге» тегеурінді секіріс жасауға мүмкіндік бергенде, «Мен» – қисынсыз тірлік, яғни күнәһар саналады. «Үрей – барлық сезімдердің ішіндегі ең өзімшілі және еркіндіктің ешбір нақты көрінісі, кез келген нақтылық мүмкіндігі секілді өзімшіл бола алмайды».

Индивид өзін жасаған күнәсінің көрінісі санайды, ал өзімен бірге барлық адамзатты үмітті ақтамаған ақиқатқа жатқызады. Дегенмен пайымның бұл түрі үрейді еш тұншықтыра алмайды: «Үрейдің екі түрі бар. Бірінші үрей индивид күнәні тегеурінді секіріс арқылы жасалады деп ойлайды, екінші үрей жер бетіне күнәмен бірге енеді және осылай енуді әрқашан жалғастыра береді, индивид күнә жасаған сайын жер бетінде оның саны да артып, тарала түседі».

Үрей барлық күнә деп саналатын ұғымдарға қатысты тағы бір жаңа формаға – мысалы, күнә емес, жаңадан күнә жасау мүмкіндігі болатын сезімталдық күйіне ауысады. «Сол сияқты, сексуалдық та – күнәһарлық саналмайды». Өйткені индивидтің еркін таңдауы бар – күнә жасай ма, жасамай ма? «Күнә болған сәтте ғана сексуалдық өзгешелік ретінде ұмтылу және елігу сипатында көрініс табады». Кьеркегор күнәні таңдау немесе одан бас тарту еркіндігі үрейді үдететінін көрсетеді: «Үрей қаншалықты қуатты болса, сезім де соншалық күшті болады. Күнә алдындағы үрей күнәні өзі тудырады...» Басқаша айтқанда, индивид бір мезетте әрі кінәлі, әрі кінәсіз: «Индивид күнәһар болғанға дейін емес, оны күнәһар деп санағанға дейін үрейдің себепкері болады».

## III. Үрей – күнәні күнә деп білмеудің салдары ретінде

Бұл тарау Гуссерльдің «уақытты іштей ұғыну феноменологиясы» туралы ойларына сүйсінген уақыт туралы ауқымды пайымдаудан басталады. Кьеркегор атап көрсеткендей, рух жан мен тәннің синтезделуіне мүмкіндік береді. Уақытша мен мәңгіліктің синтезделуіне не алып келеді? Мұндағы үшінші тарапқа нені жатқызамыз? Ең алдымен, Кьеркегор уақыттан бірізділікті көреді. Оның пайымдауынша кеше де, бүгін де, ертең де жоқ. Қазіргіні анықтау тіптен мүмкін емес. Тек шексіз бірізділік бар.

Уақытты түсінуде мезетті ерекшелеу үшін уақытты мезетке немесе уақыт еншісіне мезетті орналастыратын қиял қажет. Қазіргі ұғымының, демек, оның шексіз жоғалған саналатын «шексіз және мазмұннан ада» екенін қоспағанда, уақыт бірізділігіне ешбір қатысы жоқ. Мәңгілік, керісінше, қазіргі болып есептеледі. Ой үшін бұл – шешімін тапқан бірізділік. Көне римдіктердің пікірінше, тәңірі – praesens, яғни «қатысады», басқаша айтқанда, қазіргіге тікелей



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 14. Серен Кьеркегор (1813–1855)

араласа алады. Кьеркегор, әдетте сезім дүниесі «мезетте пайда болады, тек мезетте ғана» деп айтылатынын аңдайды. Демек, қазіргі шақты білдіреді: «дәл осылай, өткен шаққа да, болашаққа да ешқандай оның ешқандай қатысы жоқ; демек, сезім дүниесінің толық жетілмегенінің мәні де осында. Мәңгілік те кешегі мен ертеңгіге қатыссыз бүгінгіні білдіреді – мәңгіліктің кемелдігі де осында».

Мезет – мәңгіліктің уақытпен жанасуы. Неміс тіліндегі секілді дат тілінде де «мезет» сөзі «көзқарас» дегенді білдіреді.

Актердің немесе тарихи тұлғаның мимикасын дәл түсіріп, мәңгілікке сомдаған мүсін сол «мезеттің» бейнесін бізге тап басып көрсетіп тұр. Керісінше, «movere» сөзінен шыққан латын сөзі «momentum» – қозғалу, демек, жоғалу дегенді білдіреді. «Мезет» – уақыттың емес, мәңгіліктің атомы. «Мезетте» табиғат болмайды, ал адам өзінің рухының арқасында тіршілік етеді. Тарих әрқашан «мезеттен» басталады.

«Мезет – уақыт пен мәңгілік тоғысатын екі мәнді ұғым, сонымен қатар бұл жерде уақыт оқтын-оқтын мәңгілікті бөліп тастап отырады, ал мәңгілік қайта-қайта уақытты көктей өтеді. Тек осыдан барып қана біз айтып отырған бөліну осы шақ, өткен шақ, келер шақ ретінде өзінің мән-мазмұнын табады».

Келер шақ – осы шақ пен өткен шаққа қарағанда кеңірек мәнге ие, өйткені келер шақ біртұтас, ал осы шақ пен өткен шақ оның тек бөлшегін ғана құрайды. Ауызекі сөзде келер шақты мәңгілікпен синоним ретінде айтуға болады. Өткен шақ бір сәттік мезет пен келер шақтан келіп шығады. Кьеркегор өткен шақтан мәңгілікті көрген көне гректердің түсініктері туралы айтады. Оған тек «кері оралу» арқылы кіруге болады. «Жан мен тәннің синтезі рухқа тиесілі болу керек, алайда рух – мәңгі, сондықтан рух бірінші синтезді екінші синтезбен біріктірген кезде ғана синтез пайда болады. Бірінші және екінші синтез дегеніміз – уақытша және мәңгілік синтездер».

Рух өз-өзінің мүмкіндігі ретінде үрейдің бейнесінде дара көрініс табады. Сол секілді, келер шақ та индивидтің бойынан үрей қалпында байқалады. Индивид мүмкіншілікті пайда болмай жатып жоғалтып алудан қорқады. Мүмкіндік келер шақпен толық мәндес. Келер шақ қаншалықты мүмкін деген ойға қатысты үрей болады. Үрей – күнәдан ілгері психологиялық кезең. Қалай күнә пайда болады, солай уақытша ұғымы да күнәһарлыққа айналады. Кейін үрей рухсыздық үрейі ретінде суреттеледі: тағдыр ұғымын түсіндіретін диалектикалық айқындық және кінә ұғымына жетелейтін диалектикалық айқындық.

#### IV. Күнә үрейі

Тегеурінді секірістің нәтижесінде күнә дүниеге енеді. Үрей тек мүмкіндіктерге қатысты болғандықтан, күнә жасалғаннан кейін үрей жоғалып кетуі тиіс деп болжауға болар еді. Бірақ бір таңқаларлығы, күнә жасалғаннан кейін де үрей қалады. Тегеурінді секірістен кейін индивидте күнәмен бірге Ізгілік пен Зұлымдықтың ара жігі ашылып, анықтала бастайды, сондықтан жаңа күнәлар жасауға деген мүмкіндіктер де туындайды. Зұлымдық алдындағы үрей: ол күнәдан алынған мүмкіндіктер тағы да терістеуге ұшырауға тиісті қисынсыз шындық болғандықтан туындайды. Осыдан зұлымдық алдындағы үрей дүниеге келеді. Бұл үрей зұлымдықты қабыл алмауға тырысады. Бір күнәдан екінші күнәға көшкен сайын, адам әрдайым одан да төмен құлдырай түсуі мүмкін, ал бұл ықтимал құлдырау жаңа үрейді тудырады. Ақыр аяғында, істеген ісіне өкінген кезде оның ар-ұжданы алдындағы азабы ұлғайып, үрейі арта түседі. Ізгілік алдындағы үрей (демондық): Бұл жерде Кьеркегор қиялилар мен есерсоқтар деп аталғандар жайында айтады. Эстетика-метафизикалық көзқарас бойынша мұндай адамдардың іс-әрекеті олардың бақытсыз тағдырларымен түсіндіріледі; этикалық тұрғыдан – оларды кінәлап, әрі жазалау керек; ал медицина олардың халін тән ауруы санайды... Кьеркегордың пайымдауынша, жалпы демондық күйді тек Ізгілік алдындағы үреймен ғана анықтауға болады. Үрейден азап шегіп жүрген адамдар – өздері сол үрейді жүзеге асырушылар: «Күнәсіз кезде еркіндік толықтай еркін бола алмаған, оның индивидуалды мүмкіндігі үрей болған. Ал демондық жағынан, бәрі керісінше. Еркіндік – еркіндік емес немесе мұнда еркіндік жоғалған. Еркіндіктің мұндағы мүмкіндігі – тағы да үрей».



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 14. Серен Кьеркегор (1813–1855)

Кьеркегордың ойынша, демондық – тұйықтық немесе «еркін ашыла алмау». Бұл жағдайда тұйықтық – жоғары даналық емес, керісінше, өзін-өзі жеткізе алмау. Қиялилардың үрейі – жаңалық алдындағы, ізгілік алдындағы үрей. Кьеркегор бұл жағдайдан психологтар зерттейтін ауқымды мәселелерді көреді. Айтпақшы, ол сөз арасында былай дейді: «Жақын жердегі ахуалға назар салсақ болғаны, адамның бүкіл ықтимал рухани жай-күйін көру үшін бақылау- шыға бес ер адам, бес әйел адам және он бала жеткілікті болмақ». Кейін философ адамның өз еркіндігін қалай жоғалтуына байланысты қазіргі заманғы демондықтың әртүрлі типтерін атап көрсетеді. Басында ол еркіндіктің жоғалуының тәндік-психологиялық жағдайларын зерттейді. Одан әрі Кьеркегор әрқалай көрініс табатын еркіндіктің «пневматикалық» жоғалуына көшеді. Бұл жерде философ, ең алдымен, мәңгі идеялардың қозғалысын ғана қарастырған Гегельдің ойларына қарсы өз тұжырымын айтқысы келеді.

«Ақиқат тек жеке индивид үшін бар болады, онда да индивид оны өз әрекеті арқылы қалыптастырады. Егер ақиқат индивид үшін басқа бір бейнеде болса, адам оның солай қалыптасуына кедергі жасаса, онда біз демондық құбылыстармен байланыстамыз». Рухтың деңгейінде еркіндіктің жоғалуы ішкі мазмұнның жоқтығынан болады және не пассивті активтілік, не болмаса активті пассивтілік сипат алады. Бұл жоғалу үнемі «мен» рефлексиясы саласында көрініс табады. Кьеркегор активті пассивтілік пен пассивті активтіліктің әртүрлі формаларын зерттейді. «Шынайы сүйген адам «махаббат дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздеу жолында қуаныш пен ләззат табуы екіталай».

Тараудың қорытындысында Кьеркегор демондықтың мәңгілікпен жалған қатынасын қарастырады.

## V. Үрей сенімді күшпен құтқару ретінде

Осы қысқа тарауда Кьеркегор «еркіндіктің мүмкіндігі» бола тұра, үрейдің «абсолютті тәрбиелік құндылыққа» ие екенін түсіндіреді. Ол «аяқталғанның бәрін жалмап», индивидтерді өздеріндегі Керегендікке сенуге үйретеді, сол сенім енді оған бәрін жаңа сипатта көруге қабілетті етеді, яғни «шындығында тек сол ғана бәрін кері қайтарып ала алады».

## Түсіндірме

Кьеркегор өзінің «Үрей ұғымында» зерттеген, жалпы алғанда, бүкіл шығармашылығында көрініс беретін, басты мәселе – субъективтілік. Кьеркегордың бүкіл ғұмырымен байланысты болған діни атмосфераны назарға алмағанда, субъективтілік мәселесі, яғни индивидтің субъектінің біртұтастығынан алатын орны – кейінгі көптеген ойшылдар философиясының табан тірер тұғырына айналды. Субъективтілік қалайша тарихқа сіңіп кете алады? Оның қоғамдық институттар тарапынан терістелуі қалайша жүзеге аспақ? Бұл мәселелер қазір де өзекті.

Экзистенциализмінің түп-тамыры Кьеркегор ілімінен бастау алатын Габриэль Марсель сынды христиан философтарынан бөлек, тіпті дінмен ат құйрығын кесіскен Сартр, Хайдеггер, Ясперс, Лукаш сынды көптеген ойшылдардың оның теориясын індетте зерттеудің қажеттігін сезінуі таң қаларлық нәрсе емес. Кьеркегордың даралықтың жойылмайтыны туралы ойы бар. Бастауын Адам атадан алатын адам табиғатын терістемей, Кьеркегор адамның пәктіктен күнәһарлыққа көшуінде әрдайым өзінің еркіндігін пайдаланатынын дәлелдейді.

Философ пайымдауындағы субъективтілікті оған қайта қалпына келтірудің нанымдылығы соншалық, оған қарсы жауап ретінде субъективтілікті әсіре кінәмшілдікпен жарамсыз деп тапқан және әмбебаптықты қайтадан алдыңғы лекке шығарған тұтастай философиялық бағыттарды туғызды.

Кьеркегор, сондай-ақ, «буырқанған» деуге келетін философияның жаңа формасын дүниеге әкелді. Ол қолынан сойылы түспейтін философқа ұқсайды. Ол үнемі ұрыс-керісті қоздырып, ешкімге дес бермей жүреді. Кейінірек Маркс өзінің «Неміс идеологиясын» осы сарынмен жазды, Ницше де соған ден қойды. Оның кемел ойлы философиямен пікірталасы «ішкі қуатты



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 3. Неміс философиясы  
Дәріс: 14. Серен Кьеркегор (1813–1855)

субъективтілік туралы, үнемі алаңдау мен азапта тіршілік ету туралы» айтуға мәжбүрлейді. Кьеркегор үшін этика жалпылама сипатқа ие. Барлығы үшін міндетті ереже индивидтің ерекшелігін көлегейлей алмайды. Жалпылық «мен»-нің құпияларын мазмұндай да, пайымдай да алмайды. Алайда этика мұндай болмауы да мүмкін ғой? Мүмкін, Кьеркегор басқа біреуге өзінен өзге ешкім бере алмайтын кезде адамға артылатын айрықша жауапкершіліктен, өзгелермен қарым-қатынастан ешқандай кедергі көрмеген болар? Мүмкін, бұл Кьеркегордың «екінші этика» деп атайтын ғылым саласынан шығар?

### **Христиандыққа жаңа көзқарас**

Шындығында, Кьеркегор өзінің Тәңірі жолындағы рөлін ұмытқан діни институттарға қырғидай тиеді. Христиандық дүниеге келген күнінен бастап-ақ Боффрениң сөзімен айтқанда «бәріне міндетті өмір салтына» айналды. Кьеркегор өз алдына «христиандықтың құштар және құштарлықты бойына сіңірген жаңа тұрпатын табуды» мақсат етіп қояды. Паскальдің Декарт көзқарасын қарастырғаны секілді, Кьеркегор христиандықты Гегель болжаған ауыр ахуалдан құтқара отырып, оның бұрын белгісіз болып келген терең иірімдерін табады. Осы тұрғыдан алғанда, Кьеркегор белгілі бір деңгейде дінге деген көзқарас эволюциясына да ықпал етті деуімізге толықтай негіз бар.